Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOǴAI AJARY



1938 жылдың 15 тамызынан бастап шығады

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym

«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

www.facebook.com/a.ajary.kz

**№ 27** (8055) 3 шілде, Жұма 2026 жыл

aktogai_red@mail.ru




## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанның Жаңа Конституциясының күшіне енуіне орай үндеуі

2026 жылғы 01 шілде

### Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызнама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымызды ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін!

Халқымыз мәңгі жасасын!

## *6 шілде – Астана күні құтты болсын!*



***Құрметті жерлестер!***

*Сіздерді мемлекеттік маңызы зор мереке – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Астана – Тәуелсіз Қазақстанның еңсесін тіктеген, елдің ертеңіне деген сенімін айқындаған, бірлік пен жасампаздықтың жарқын символы. Елордамыздың әрбір жетістігі – мемлекетіміздің тұрақты дамуының, халқымыздың қажырлы еңбегі мен берекелі бірлігінің айқын көрінісі.*

*Бүгінде Астана – заманауи сәулетімен, қарқынды дамуымен, мәдениеті мен ғылымының өркендеуімен әлемге танылған әсем шаһар. Елорданың өсіп-өркендеуі – барша қазақстандықтардың ортақ мақтанышы.*

*Осы айтулы мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, бақ-береке, еңбектеріңізге толайым табыс тілейміз. Еліміз тыныш, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз бекем болсын! Астанамыздың мерейі артып, Қазақстанымыздың көк байрағы әрдайым биікте желбірей берсін!*

*Астана күні құтты болсын!*

***Құрметпен,***

***Ақтоғай ауданының әкімі А.Аманжолов.***

***Ақтоғай аудандық мәслихатының төрағасы Р.Әбеуов.***




***Құрметті жерлестер!***

Сіздерді Ұлттық домбыра күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Домбыра – халқымыздың рухани болмысы мен ұлттық болмысын айшықтайтын, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан қасиетті қазына. Оның қос ішегінен төгілген күмбір күй – ел тарихының шежіресі, ұлттың қуанышы мен қайғысын, ерлігі мен өрлігін жеткізген асыл мұра.

Қазақтың қасиетті қара домбырасы – бірлік пен елдіктің, ұлттық рухтың символы. Ұлы күйшілердің мәңгілік мұрасы арқылы халқымыздың бай мәдениеті мен салт-дәстүрі бүгінгі ұрпаққа жетіп, ұлттық құндылықтарымыздың сабақтастығын жалғастырып келеді.

Осынау мерейлі мерекеде әр шаңырақтан күй төгіліп, ұлттық өнеріміздің мерейі үстем болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болып, халқымыздың рухани қазынасы – домбыраның үні мәңгілік жаңғыра берсін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толайым табыс тілейміз!

Ұлттық домбыра күні құтты болсын!

***Құрметпен,***

***Ақтоғай ауданының әкімі А.Аманжолов***

***Ақтоғай аудандық мәслихатының төрағасы Р.Әбеуов.***

** Жаңа Конституция – Әділетті Қазақстанның негізі*













***Сәкітай Сыздықов,***
***Ақтоғай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы:***

*–Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Конституцияның заңды күшіне енуіне арналған үндеуі – еліміздің болашағына бағытталған тарихи мәні зор құжат. Президент өз үндеуінде халықтың бірлігіне, заңның үстемдігіне және азаматтық жауапкершілікке ерекше тоқталды. Бұл – барша қазақстандыққа ортақ құндылықтар.*

*Аға буын өкілдері үшін Конституция – мемлекет тұрақтылығының, тәуелсіздігіміздің және ел бірлігінің берік кепілі. Біз егемендіктің қалыптасу кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейінгі барлық тарихи өзгерістердің куәсі болдық. Сондықтан Жаңа Конституцияның қабылдануы мен оның заңды күшіне енуін еліміздің дамуының жаңа белесі деп ба-ғалаймыз.*

*Президент айтқан Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сияқты құндылықтар халқымыздың сан ғасырлық болмысымен үндеседі. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, адал еңбек ету, туған жерге жанашырлық таныту – ата-бабамыздан мирас болған асыл қасиеттер. Осы ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру – бүгінгі аға буынның басты міндеттерінің бірі.*

*Ардагерлер кеңесі алдағы уақытта да жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайту бағытындағы жұмыстарды жалғастыра береді. Өйткені елдің ертеңі – тәрбиелі ұрпақтың қолында.*

*Жаңа Конституция халқымыздың бірлігін одан әрі бекемдеп, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне қызмет етсін. Әділетті Қазақстанды құру жолындағы игі бастамалар табысты жүзеге асып, Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, болашағы баянды болсын!*

# Конституциялық реформаларды іске асыру – ортақ міндет

Қарағанды қаласындағы Достық үйінде өткен «Жаңа Конституция – Әділетті Қазақстанның негізі» атты өңірлік сарапшылық форумда конституциялық реформалардың жүзеге асырылу барысы, жаңа заңнамалардың қоғам өміріндегі маңызы және оларды өңірлерде тиімді іске асыру жолдары жан-жақты талқыланды. Кеңестің басты мақсаты – Мемлекет басшысы айқындаған реформалардың мәнін кеңінен түсіндіріп, жаңа құқықтық нормаларды жүзеге асыруда мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын күшейту болды.

Өңірлік форумда көтерілген мәселелер Ақтоғай ауданында да өз жалғасын тапты. Осыған орай аудан әкімі А.Аманжолов төрағалығымен Қазақстан Республикасының жаңа конституциялық нормаларын және 1 шілдеден бастап күшіне енген заңдарды іске асыру мәселелеріне арналған кеңейтілген жұмыс кеңесі өткізілді. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, аудан әкімдігі аппаратының басшысы, аудандық мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының, сот және прокуратура өкілдері, мемлекеттік кірістер басқармасы, аудандық бөлімдердің басшылары, ауылдық округтер мен кент әкімдері, білім, мәдениет, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар саласының жетекшілері, сондай-ақ өзге де мемлекеттік мекемелердің басшылары қатысты.

Кеңестің негізгі мақсаты – жаңа конституциялық нормалар мен қолданыска енгізілген заңдардың талаптарын түсіндіру ғана емес, оларды аудан көлемінде сапалы әрі уақытылы орындау бойынша нақты міндеттерді айқындау болды. Жиын барысында мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, мемлекеттік қызмет көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, дебюрократияландыру талаптарын орындау, азаматтардың өтініштеріне жедел жауап беру мәселелері кеңінен талқыланды. Сонымен қатар жаңа Салық кодексінің талаптарын түсіндіру, кәсіпкерлерге көрсетілетін сервистік қызметтердің тиімділігін арттыру, салықтық әкімшілендірудің жаңа тетіктерін енгізу мәселелері қарастырылды.Білім беру саласындағы зайырлылық қағидаттарын сақтау, жастар тәрбиесі, отбасы институтын нығайту, неке және отбасы құндылықтарын дәріптеу бағытындағы жұмыстар да кеңінен сөз болды. Мемлекеттік органдардың осы бағыттағы өзара іс-қимылын күшейту қажеттігі айтылды. Кеңесте тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, оларды сақтау және ұрпаққа аманат ету, елді мекендерді абаттандыру мен мәдени құндылықтарды насихаттау мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Сонымен қатар әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқық бұзушылықтың профилактикасын күшейту, жаңа заң талаптарын тұрғындарға түсіндіру бойынша атқарылатын жұмыстар нақтыланды. Әлеуметтік кодекс аясындағы мемлекеттік қолдау шаралары, жаңа әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды уақтылы тағайындау, халыққа әлеуметтік қызмет көрсетудің сапасын арттыру мәселелері де жан-жақты қаралды. Жиында экологиялық қауіпсіздік, су ресурстарын ұтымды пайдалану, жаңа Су кодексінің талаптарын орындау, табиғатты қорғау және қоршаған ортаны сақтау мәселелері де кеңінен талқыланып, жауапты мекемелерге нақты міндеттер жүктелді. Кеңес қорытындысында жаңа Конституция мен жаңадан қабылданған заңдардың талаптарын аудан көлемінде сапалы іске асыру, мемлекеттік органдар арасындағы үйлесімді жұмысты күшейту, халықпен ашық байланысты нығайту және қабылданған реформалардың нәтижесін әрбір тұрғынның күнделікті өмірінде сезіндіру бағытында нақты хаттамалық тапсырмалар берілді. Жиын барысында конституциялық реформалардың табысты жүзеге асуы әрбір мемлекеттік органның жауапкершілігіне, заң талаптарының мүлтіксіз орындалуына және халық мүддесіне бағытталған тиімді жұмысқа тікелей байланысты екендігі ерекше атап өтілді.

**Г. Метайқызы.**

***Назерке Өміржанова,***
***Ақтоғай аудандық жастар ресурстық орталығының директоры:***

*– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Конституцияның заңды күшіне енуіне арналған үндеуі – ел болашағына бейжай қарамайтын әрбір азаматқа, әсіресе жастарға үлкен жауапкершілік жүктейтін маңызды құжат. Президент атап өткендей, бүгін Қазақстанның жаңа даму кезеңі басталып отыр. Бұл – жастар үшін де жаңа мүмкіндіктер мен тың бастамалардың кезеңі.*

*Жаңа Конституция – еліміздің құқықтық негізін нығайтып қана қоймай, әрбір азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған тарихи құжат. Сондықтан жастар Конституцияны құрметтеп, заң талаптарын сақтауды өзінің азаматтық борышы ретінде қабылдауы қажет. Өйткені заңға құрмет – елге деген құрметтің айқын көрінісі.*

*Президент үндеуінде айтылған Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сияқты құндылықтар бүгінгі жас ұрпақтың өмірлік ұстанымына айналуы тиіс. Білімді, еңбекқор, отаншыл жастар ғана еліміздің дамуына тың серпін беріп, Әділетті Қазақстанның берік іргесін қалай алады.*

*Жастар ресурстық орталығы алдағы уақытта да жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, азаматтық белсенділігін күшейтуге, патриоттық тәрбиені дамытуға және Мемлекет басшысы айқындаған құндылықтарды кеңінен насихаттауға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра береді.*

*Біз бірлігі бекем, мақсаты айқын елдің жастары ретінде Жаңа Конституцияның қағидаттарын қолдап, туған Отанымыздың өркендеуі жолында аянбай еңбек етеміз. Қазақстанымыздың болашағы жарқын, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!*

**Жандос Шарбеков,**
**Ақтоғай аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы:**

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Конституцияның заңды күшіне енуіне байланысты жариялаған үндеуі – әрбір қазақстандықтың жүрегінен орын алатын маңызды тарихи құжат. Бұл үндеуде еліміздің алдағы даму бағыты, қоғамның ортақ құндылықтары мен азаматтардың жауапкершілігі айқын көрсетілген.

Жалпыұлттық референдумда халқымыз ел тағдыры үшін маңызды таңдау жасап, бірлігі мен ынтымағын, мемлекет болашағына деген зор сенімін танытты. Бұл – халық пен биліктің өзара түсіністігі мен ортақ мақсатқа ұмтылуының жарқын көрінісі. Бүгінде күшіне енген Жаңа Конституция – мемлекетіміздің құқықтық іргетасын одан әрі нығайтып, заң үстемдігіне негізделген Әділетті Қазақстанды құрудың берік кепілі.

Президент үндеуінде айтылған Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сияқты құндылықтар әрбір азаматтың өмірлік ұстанымына айналуы қажет. Бұл қағидаттар қоғамдағы жауапкершілікті арттырып қана қоймай, елдің тұрақты дамуына, азаматтардың әл-ауқатының жақсаруына негіз болады.

Қоғамдық кеңес мүшелері мемлекет пен қоғам арасындағы ашық диалогты дамытуға, азаматтардың ұсыныс-пікірлерін билікке жеткізуге және Конституцияда белгіленген қағидаттардың өмірде толық жүзеге асуына өз үлесін қоса береді. Әрбір қазақстандық заңды құрметтеп, ел мүддесіне адал қызмет еткенде ғана біз Президент айтқандай, бірлігі бекем, болашағы жарқын, әділет үстемдік құрған қуатты мемлекет қалыптастыра аламыз.

(Жалғась

*ҚР ҰҒА академигі Ағдарбеков Төкіжан Ағдарбекұлының туғанына 90 жыл*

# ҒАЛЫМ. ҰСТАЗ. ТҰЛҒА



Біздер жас ұрпақты ғылым мен білімге бағыттай отырып, осы жолда ерекше жетістікке жеткен, ғылым мен адами құндылықтарды ұштастырған ғалымдарды дәріптеп, жастарға үлгі ретінде көрсете білуіміз қажет. Өз кезегінде шоқтығы биік, ұстанымы берік, адал еңбегімен жұмыс жасаған, көптеген шәкірт дайындаған, өзінің биік болмысымен жастардың дұрыс әрі тура жолды таңдауына себепкер болған, Ақтоғайдың тумасы, Түркістанның түлеуіне өзінің ерен еңбегін сіңірген ұстаз ғалым – Ағдарбеков Төкіжан.

## Ұстаз – ұлы есім

Төкіжан Ағдарбекұлы 1938 жылы 14 қарашада Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы Қуаныш ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Ақтоғай ауданының орталығындағы мектеп-интернатты бітірген. 1956–1960 жылдары Кеңес Одағының Әскери-теңіз флотында әс-кери борышын өтейді.

Кез келген адамның тұлғалық қалыптасуына түрлі сыртқы әсерлердің ықпалы болатыны анық. Осындай болашаққа дұрыс бағыт-бағдар беретін, ой салатын, қалыптасудың ал-ғашқы қағидаларының негізін салатын бірегей жан – Ұстаз.

Ұстаз – мәні терең, мазмұны кең, ұрпақты ізгілікке, білімге тәрбиелейтін тұлға. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген ұлағатты сөз бар. Кез келген ағартушы шын мәнінде ұстаз деген асыл сөздің деңгейіне көтеріле бермейді. Ұстаздық – қайсы бір сала бойынша білім бе-руші ғана емес, сол білімді адами құндылықтың биігінен көріне отырып, ұстаздық шеберлігімен шәкірттердің бойына сіңіре алушы, тек аудиторияда ғана емес, жайшылықта да әрбір іс-қимылымен, адамдармен қарым-қатынас барысындағы ұстанымдарымен ортаға жан-жақты ықпал етуші тұлғаның ізгілікті қызметі. Міне осындай асыл жандардың бірегейі – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ең алғашқы іргетасын қалаушылардың бірі, сол кездегі Қазақстанның оңтүстік өңіріне алғаш қадам басқан заңгер ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор Төкіжан Ағдарбеков.

Заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Заң ғылымдары академиясының академигі, Қазақстанның оңтүстік аймағында заң мектебінің негізін қалаушы әрі Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ашылуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан алғашқы ардагердің бірі, әрі осындағы заң факультетінің тұңғыш деканы болған академик Ағдарбеков Төкіжан Ағдарбекұлы бүгінде 90 жасқа толар еді.

## Ұстанымы – ар мен жан тазалығы

*Осыдан отыз төрт жыл бұрын әлеуметтік жағдайы төмен Түркістан қаласында халықаралық университет ашылғанда, осы оқу ордасының аяғынан тұрып кететініне үлкен күмән келтіріп, орталық газетке мақала жазып жар салғандар қатары аз болған жоқ. Бірақ киелі қаладағы оқу орнының іргесін қалауға атсалысқан алғашқы ұстаздардың қаншама қиыншылыққа төзіп, жатақханада жүріп еткен еңбегінің арқасында университеттің шаңырағы шайқалмай , керегесі кеңи берді.*

*Бүгінде білім беру саласындағы жаңашылдық деп жалаулатып жүрген басым бағыттардың бірі, әрі рейтингтік деңгейге үлкен әсері бар талап – тәжірибемен тікелей ұштастырып оқыту болса, Төкіжан ағамыз сол кезде-ақ бұл тәжірибені ешкімнен сұрамай оқу процесіне енгізіп жіберген. Соның арқасында бүгінде еліміздің жоғары жауапты лауазымдарында және қай қалаға барсаңыз да құқық қорғау саласында абыроймен үлкен жауапкершілігі жоғары қызметті атқарып жүрген ХҚТУ-дың түлектерін көресіз.*

*Біздер университеттің заң факультетінің алғашқы түлектері профессор Төкіжан Ағдарбековтен білім алып, сол кісімен бірге қызметтес болып, қатар жүріп тәлім-тәрбие алғанымызды мақтан етеміз. Біздер ол кісіден терең білім алып қана қоймай, өнегелі өмірінен, азаматтық болмысынан және өмірлік ұстанымдары мен құнды қасиеттерінен мол тағылым алдық.*

*Ұстаз аз болғандықтан болар, әрі студенттер сапалы білім алсын деген ұстанымнан шығар, Төкіжан ағамыз факультет деканы бола тұра, уақыт тапшы демей негізгі пәндерден дәрістерді өзі оқыды. Сабақ көп жағдайда қазіргі Қазыбек би (Жуковский) көшесіндегі университеттің оқу ғимаратындағы сол кездегі ең үлкен №101 аудиториясында өтетін. Асқан шеберлікпен, жан-тәнімен кірісіп, жан-жақты салыстырып, негізгі тұжырымдарды жазғызып, арасында тәлімі терең тәрбиелік өсиеттерін айтып, аздап жігіттер араға бастаған қап-қара, қайратты шашын алақанымен сипап, басын тік ұстап, терең ой түбінен білім маржандарын теріп тұратын ұстазымыздың сол кездегі ерекше бейнесі әлі көз алдымызда.*

> *Елдің болашағы – жастар. Болашағымыз баянды болуы үшін жастар ұлттық құндылықтармен қатар жаңашылдықты да жетік меңгеріп, қоғамдағы жат мінез-құлықтан жиренe өсіп қалыптасуы тиіс. Тура жолдағы жаңашылдық ол – ғылым жолы.*

*Ағамыз бүгінгі қоғамның құрты болып отырған, ел болашағының ең қауіпті дерті – жемқорлық пен парақорлыққа жаны қас еді. Ар мен жан тазалығы ол кісінің жүрегінен бастау алып, негізгі өмірлік ұстанымына айналған. Ұлы Жаратушының өзі сол бір қиын замандарда қасиетті Түркістан топырағының тазалығына үлес қоссын, руханиятын көтерсін деп асыл жанды Төкеннің дәм-тұзын осы топырақтан бұйыртқандай! Иә, біздер солай деп түйеміз.*

*2008 жылы 7–8 қарашада Түркістан төрінде Төкеннің 70 жылдығына арналған тағылымы мол, адами құндылықтың бағалануының мәнділігін көтеретін, қоғамға дұрыс ой қалыптастыратын Халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Мұндай мазмұнды жиын бұрын-соңды бұл өңірде өтпеген. Жиынның материалдары 686 беттік жинақ жарық көрді. Осы жиындағы айтылған кейбір арналарға тоқталсақ.*

*Конференцияны сол кездегі ректор Л.Ташимов ашып беріп, жалпы қонақтарға құттықтау сөз арнады. Университеттің алғашқы ректоры М.Жұрынов терең тарихтан, университеттің алғашқы құрылу кезеңдерінен сыр шертіп, ондағы Төкеннің еңбегінің ерекшелігін тереңнен толғады.Замандасы А.Ү. Ищанов: «Ерекше айтқым келіп отырғаны – ол Ағдарбеков Төкіжан туралы. Университетті құру жолындағы алғашқы кездеріміз оңай болған жоқ. Еліміздегі 1991 жылғы экономикалық және саяси өзгерістер баршамызға белгілі. Сондай заманда А.Е.Бөкетов атындағы мемлекеттік университеттен заң ғылымдарының докторы, профессор Т.Ағдарбеков шақырылды. ҚарМУ басшылары ол кісіні оңайлықпен жіберген жоқ. Біздер бірнеше жедел телеграмма жіберіп, министрліктен қоңырау соқтырып Төкенді әрең Түркістан жеріне келтіргенбіз. Себебі, ол кездері заң ғылымдарының докторлары өте аз болатын. Төкеннің басты қасиеті – кішіпейілділігі. Кім-кімді де жатырқамайтын әрі жақсылық жасауға даяр тұрады. Осы қасиетінен болу керек оны жұрттың бәрі жақсы көреді. Студенттер мен жас оқытушылар қашанда айналасында» деген еді.*

*Төкіжан Ағдарбеков – сегіз қырлы бір сырлы азамат. Қолымыз бос уақытта, отырыстарда, университеттің кештерінде қолына домбырасын алып қазақ халық әндерін орындай жүрді.Замандасы әрі тарих факультетінің тұңғыш деканы Сейітхали Мадуани әріптесіне мынадай жыр шумағын арнады:*

### *Ардагер аға-достарым*

Ардагер аға-достарым,
Қосылар қашан бастарын?
Жалғанның басып жалпағын,
Кеттік пе ойлап бас қамын?
Алпыстың алған асқарын,
Жетпіске жеткен жастарын.
Бұйырған татып дәм-тұзын,
Қаймағы бар ма, қаспағын.
Ойлан да толған, достарым,
Өмірдің барлап астарын.
Сыйластық қалар, басқасы,
Өтер де кетер қас-қағым!
Ғылымның шыққан шыңына,
Тірліктің қанған сырына,
Арқау болған жырыма,
Ардагер аға-достарым!
Тәңірім қолдап жебеген,
Түркістан қайта түлеген.
Сан жылдар бұрын болжаған,
Ясауи бабам көреген.
Ардагер аға-достарым,
Жалғастыр өмір дастанын.
Базардан қайтқан жандармыз,
Жоғалтып асқан-тасқанын.
Түркістан қаласы, 10.11.2008 ж

## Қиындық шыңдайды

Осынау биіктікке, яғни адамдық қасиеттер мен жан жылуы мол, ортаға берер тағылымы терең деңгейге көтерілу – Төкіжан Ағдарбекұлының ата-анасынан берілген асыл қасиет пен өзін шыңдаған талап, азаматтық ізденіс, еңбегінің жемісі.Үлкен ғалымның өткен жолы даңғыл емес, қиыншылық пен үлкен еңбекке толы. Балауса балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына тап болып, 29 жастағы әкесі Ағдарбек Түменбайұлы Москва түбіндегі шайқаста қаза табады. Жауынгерлерге азық-түлік, киім-кешек дайындауға атсалысып жүрген анасы Зәкияның көмекшісі болған Төкіжан аға төрт жасында жалғыз қарындасының бесігін тербетіп, үйді күзеткен.Соғыстың соңғы жылдары мен соғыстан кейінгі елдегі ауыр жағдай кезінде әкесінен ерте айырылған Төкіжан Ағдарбековті өмір шыңдады. Тектi әкеден қалған жалғыз тұяқты қанаттандыруды өзінің борышы санаған, өмірдің қаталдығынан мұқалмаған асыл анасының қамқорлығының арқасында мектепте білім алды. Өмір қаталдығы мен тағдырдың ауырлығы болашақ ғалымды шар болаттан мықты етті. Орта мектепті бітірген соң, әскер қатарына шақырылып, 4 жыл Әскери теңіз флотында қызмет жасады. Әскерден кейін Балқаш қаласындағы мыс-кен зауытында темір кесуші болып жұмыс істейді. 1961 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, университеттің лениндік стипендиаты атанып, 1966 жылы оны үздік бітіреді. Студент кезіндегі талпынысы, білімге, ғылымға деген

(Жалғасы 6-бетте).

ı 6-бетте).




# Кәсіби мерекеде журналистер құрметке бөленді

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында Қарағанды облысында журналистерге құрмет көрсетіліп, салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Дәстүрлі шара барысында мемлекеттік және ведомстволық наградалар, облыс әкімінің беделді «Алтын сұңқар» сыйлығы табысталды. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының екі жас журналисіне алғаш рет пәтер кілті берілді. Мерекелік жиында сөз сөйлеген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін кәсіби мерекемен құттықтап, журналист мамандығының қоғам алдындағы жауапкершілігіне ерекше тоқталды.

– Бүгінде ақпарат тарату бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдеді. Алайда кез келген пікір ақиқат бола бермейді. Сондықтан журналистің басты міндеті – әрбір ақпаратты мұқият тексеріп, қоғамға нақты әрі объективті мәлімет ұсыну. Нағыз журналистика дәлел мен нақты дерекке сүйенгенде ғана өз миссиясын толық орындайды, – деді өңір басшысы. Облыс әкімі жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі жалпыұлттық референдум қарсаңында өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының кең көлемде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізгенін атап өтіп, алдағы уақытта да журналистер құқықтық мәдениетті қалыптастыруға және жаңа Конституцияның негізгі өзгерістерін халыққа түсіндіруге белсенді үлес қоса беретініне сенім білдірді. Қазіргі таңда Қарағанды облысында 180-нен астам бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істейді. Оның 90 пайыздан астамын мемлекеттік емес БАҚ құрайды. Кәсіби мереке қарсаңында өңір журналистерінің бірқатары мемлекеттік және салалық марапаттарға ие болды.

Биыл облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығы жиырмасыншы рет тапсырылды. Үздіктер журналистиканың түрлі бағыттары бойынша – кәсіби адалдық, құқықтық қоғамды дамыту, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жетістіктерін кеңінен насихаттау, сапалы медиаконтент әзірлеу және басқа да номинациялар бойынша марапатталды. Сонымен қатар «Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін» облыс әкімінің арнайы сыйлығы EKaraganda ақпарат агенттігіне табысталды.




## «Ақтоғай ажары» ұжымына – қос қуаныш



*Кәсіби мереке қарсаңында «Ақтоғай ажары» газетінің ұжымы да зор қуанышқа кенелді. Газеттің директоры – бас редакторы Ақторғай Нұрдәулет Серікғалыұлы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Алғыс хатымен марапатталды.*

*Ал, редакцияның корректоры әрі бет жасаушысы Аукишева Есенгүл Рамазанқызы бұқаралық ақпарат саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының арнайы лауреаты атанды.*

*Бұл жоғары марапаттар – «Ақтоғай ажары» ұжымының оқырман сеніміне ие болып, сапалы әрі шынайы ақпарат тарату жолындағы тынымсыз еңбегінің лайықты бағасы. Әріптестерімізді айтулы марапаттарымен шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық шабыт, сарқылмас қалам қуаты, жаңа жетістіктер мен толайым табыстар тілейміз.*

*Тарихы терең, тағылымы мол «Ақтоғай ажары» – ауданның шежіресін жазып келе жатқан беделді басылым. Газет ұжымы облыс тарихында сегіз мәрте облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын иеленген бірден-бір редакция ретінде өңір журналистикасында өзіндік орны мен қолтаңбасын қалыптастырды. Бұл – әр кезеңдегі редакция ұжымының кәсіби шеберлігі мен адал еңбегінің, оқырман алдындағы жауапкершілігінің айқын көрінісі.*

*«Ақтоғай ажары» газетінің абыройы асқақтап, беделі биіктей берсін! Қаламы қарымды журналистердің шығармашылық жолы әрдайым жемісті болып, ел игілігі жолындағы еңбектері жаңа белестермен толыға берсін!*

***Гүлнар Метайқызы.***



# Қалам иелеріне – құрмет

Ақпарат – қоғамның айнасы, журналист – ақиқаттың жаршысы. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай Ақтоғай ауданында сала ардагерлері мен журналистерге құрмет көрсетілді. Мерекеге орай аудан әкімі А.Аманжолов «Ақтоғай ажары» газетінде әр жылдары жемісті еңбек еткен ардагер журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдары саласының өкілдерін арнайы қабылдап, кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтады.Кездесу барысында аудан басшысы журналистика – қоғам мен биліктің арасын жалғайтын алтын көпір екенін атап өтті. Елдің тыныс-тіршілігін, өңірдің жетістіктері мен тұрғындардың талап-тілегін уақытылы әрі шынайы жеткізуде БАҚ өкілдерінің еңбегі ерекше екенін айтып, олардың ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесіне жоғары баға берді.



– Журналист – тек ақпарат таратушы ғана емес, қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, ел бірлігін нығайтуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлес қосатын маңызды мамандық иесі. Сіздердің адал еңбектеріңіз бен кәсіби жауапкершіліктеріңіз үшін зор ризашылығымды білдіремін, – деді аудан әкімі. Салтанатты жиында «Ақтоғай ажары» газетінің өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан ардагер журналистерге аудан әкімінің Алғыс хаттары табысталып, естелік сыйлықтар ұсынылды. Мерекелік басқосуда журналистика саласында ұзақ жылдар еңбек еткен ардагерлерге жылы лебіздер айтылып, олардың шығармашылық жолы мен өнегелі еңбегі ерекше аталып өтті. Ардагерлер өз кезегінде көрсетілген құрмет үшін алғыстарын білдірді. Журналистика – уақытпен үндесіп, қоғамның үнін жеткізетін жауапты сала. Сондықтан ақпарат кеңістігінде адалдық пен әділдікті ту еткен қаламгерлердің еңбегі әрдайым жоғары бағалануға лайық. Осындай құрмет пен қолдау шығармашылық адамдарын жаңа жетістіктерге жігерлендіріп, өңір журналистикасының одан әрі дамуына серпін беретіні сөзсіз.

**Айбын Жаманхан.**



# Всякая строчка – на благо

## От детских стихов до районного телевидения и редакторства

Уже с пяти лет она мечтала стать диктором на телевидении. Но ее патриотизм и любовь к родному району взяли верх.

Сегодня Гулнар Елеусизова возглавляет газету «Актоғай ажары», но она не только журналист, но и депутат маслихата Актогайского района, а также общественник.

-- Когда мне было лет пять-шесть, я всем говорила, что хочу стать такой же, как Ануарбек Байжанбаев – диктор Госкомитета Казахской ССР по телевидению и радиовещанию. Семья наша все время жила то на жайлау, то на зимовках, телевизора у нас не было. Только радио, по которому всегда звучал голос А. Байжанбаева. Я целыми днями могла его слушать. А когда с родителями приезжала в сельский дом, то, не отрываясь от телевизора, смотрела, как он ведет передачи, – рассказывает Г. Елеусизова.

Учась в школе, она начала писать первые стихи и статьи для школьной стенгазеты. Одну из таких публикаций четвероклассница отправила в республиканский журнал для детей «Балдырған». И вскоре фамилия Елеусизовой появились на его страницах. Это был первый серьезный шаг в профессии.

По окончании отделения журналистики КарГУ им. Е. Букетова ее оставили на кафедре. Но через год главный редактор Актогайской районной газеты позвал на родину.

– Мой патриотизм и любовь к Родине взяли верх, и я вернулась домой. Места в штате газеты не было, и меня взяли фотокорреспондентом. В тоже время аким района Толеужан Ахметбеков предложил открыть районный телеканал на базе дома культуры, – вспоминает наша героиня.

И каждую субботу сельчане слушали местные новости, а сама Гулнар стала звездой районного масштаба. Так продолжалось почти год, пока девушка не обрела семейное счастье. Счастливое замужество, рождение первенца…

– Тринадцать лет была корреспондентом, а после столько же главным редактором газеты «Тоқырауын тынысы». Единственное, что не менялось за двадцать шесть лет, – это мой кабинет. Сегодня редакцию возглавляет мой сын, а я являюсь ответственным секретарем. С 2020 года газета носит название «Актоғай ажары», -- делится именитый журналист.



В 2021 году газеты переходили в частные руки, и. пройдя конкурсные процедуры, журналист становится учредителем родной газеты. Штат издания газеты стал состоять из одиннадцати человек, включая технических работников и водителя, а также были свои корреспонденты в Сарышагане и Шашубае.

В 2022 году Гулнар Елеусизова выиграла грант акима Карагандинской области для открытия фотосалона, а сегодня это уже полиграфия, которая выпускает районную газету, с филиалом в Астане.

За то время, когда была главным редактором, она не только сама становилась обладателем наград, но всегда с заботой выдвигала своих талантливых журналистов на разные конкурсы.

– Хочу поблагодарить своих учителей, тех кто поддерживал меня, когда я только приехала работать в районную газету. Это Умитай Жармағанбетов, Сабиля Нуржанова, Мусиркеп Алимжанов, Амангельды Тлеукулов, Оралбек Жунус. У нас были сильные корректоры Дания Тажибаева и Алия Ибраева, обе – обладательницы премии акима Карагандинской области «Алтын Сұнқар». На сегодня в коллективе нашей газеты восемь лауреатов областной премии, – с гордостью делится учредитель районного издания. И в этом году добавилась еще одна обладательница премии акима области – корректор Есенгул Аукишева.

Гулнар Матаевна всегда сама лично ездила на пастбища, посещала все объекты в районе, чтобы рассказывать о людях. И, как она поделилась по секрету, скоро в свет выйдет ее книга о людях труда, о которых она всегда пишет.

Примечательно, что у нашей героини интернациональная семья. У одного ее сыновей -- русская супруга. Ее сноха Арина с уважением относится к традициям казахского народа и свободно владеет государственным языком. А самое главное – надежная помощница в их семейном деле.

– Как подчеркнул Президент Касым-Жомарт Токаев: “Главное призвание журналистов – информировать общество, отражать чаяния и помыслы людей. Вы поднимаете самые насущные вопросы, волнующие народ, и преданно служите его интересам. В эпоху передовых глобальных технологий на прессу возлагается благородная миссия по обеспечению населения оперативной, качественной и достоверной информацией, объективной аналитикой. Государство высоко ценит вашу неустанную деятельность во благо страны».

Заслуженный журналист пожелала всем коллегам здоровья, счастья и благополучия, интересных творческих задач и их успешной реализации.

– Пусть каждая строчка, написанная вами, способствует развитию нашего общества и процветанию Казахстана, – говорит Гулнар Елеусизова.

**Әсет ҚАМСЫЗҰЛЫ,**
**«Индустальная Караганда»**

Фото – мұрағат Фото – мұрағат Фото – мұрағат






**(Соңы. Басы 3-бетте).**

ізденіс, оны ғылымның алғашқы баспалдағына қиналтпай шығарды. Оқу бітіруісімен Қазақ ССР Ғылым Академиясының философия және құқық институтының кіші ғылыми қызметкері болып қабылданады. Екі жылдан кейін, яғни 1968 жылы академик С. Зимановтың жетекшілігімен Мәскеудегі мемлекет және құқық институтына аспирантураға түсіп, оны да үздік дипломмен аяқтап, кандидаттық диссертация қорғаған.1971–1984 жылдары Қарағандыда Кеңестер Одағының Ішкі Істер Министрлігінің Жоғары мектебінде офицерлік шендегі доценттік қызметте болып, ССРО ІІМ-нің бұйрығымен «Ішкі Істер министрлігі саласындағы 10 жылдық еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Содан кейін Қарағанды Мемлекеттік университеті заң факультетінің кафедра меңгерушісі қызметінде болып, абыройлы жұмысы үшін сол жерден докторантураға жолдама алып,1990 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясында докторлық дисертация қорғайды.

## *Біртуар ғалым*

*1991 жылы Түркістан қаласындағы жаңа құрылған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетіне шақырылып, 1991–1997 жылдары заң факультетінің деканы қызметін атқарып, оның қалыптасуына, кадрлар дайындау мен жастарды тәрбиелеуде үлкен еңбек етіп, жұртшылық алдында беделге ие болады. Төкіжан Ағдарбеков осынау үлкен білім және ғылым ордасының дамуына, ондағы болашақ мамандардың шыңдалуына, заңгер-ғалымдар мектебінің қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді. Түркістанға құрметі ерекше біртуар ғалым Н.Б.Мұхитдиновтай асыл азаматтың аймаққа жиі келіп, студенттер мен магистранттарға, ізденушілерге лекция оқуын, олардың сапалы білім алуын ұйымдастырды. Осы еңбектерін бағалап, ХҚТУ-дың ғылыми кеңесі Төкіжан Ағдарбековке профессорлық ғылыми атағын және ҚР Гуманитарлық академиясының академигі атақтарын алуға мүмкіндік жасады.*

*Үнемі көмектесуге дайын тұратын ұлағатты ұстаз 1997 жылы мемлекетіміздің жаңа астанасындағы Л.Н.Гумилев атындағы университетінен шақыру алып, 2000 жылға де-йін заң факультетінің кафедра мең-герушісі қызметін атқарып, осы үлкен оқу орнының қалыптасуына зор үлес қосты.*

*1997–2000 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы университеттің заң факультетінің кафедра меңгерушісі, 2001–2004 жылдары Гуманитарлық Заң университетінің Астанадағы бөлімінде кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. 2001 жылдан бері осы университеттің кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын Диссертациялық кеңестің мүшесі болды. Осы саладағы еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен профессор Төкіжан Ағдарбеков «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен наградталды. 2004 жылы ол Қазақстан Республикасы Заң ғылымдары академиясының толық мүшесі (академигі) болып қабылданды.*

## *Шәкірттерге мәңгі үлгі*

Өзі іргетасын қалаған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің қазіргі басшыларының шақыруын қабыл алып, заң факультетінің оқу сапасын төмендетпей, білікті заңгерлер дайындауға тағы да үлесін қосу үшін 2004 жылдың күзінде асыға арамызға қайта оралды. Кешегі оқушылары, бүгінгі әріптестері біздердің қуанышымызда шек болмады. Балалықпен ағаның бойындағы көп тамаша қасиеттерін кезінде танып үлгермесек, біздерге жаңа мүмкіндік туды. Ағамен қатар жүріп еңбек ету біз үшін бір ғанибет болды. Ағамыз 2009 жылы Алматы қаласындағы Сүлеймен Демирел университетіне ауысып, 2019 жылы қайта Түркістанға оралып, өмірінің соңына дейін бізбен бірге қызмет етіп қатар жүрді.

Университеттің ғылыми және қоғамдық жұмыстарына белсене қатысып, студенттерге екі тілде дәріс беріп, олардың ғылыммен айналысуына, тәлім-тәрбие алуына ауқымды үлес қосты. Жас ғалымдар мен ұстаздар қауымына оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіруде үнемі көмек көрсетіп отырды.

## *Тағзым*

*Ағамыз негізгі жұмысымен қоса аспиранттарға, ізденушілерге, магистранттарға жетекшілік етті, бірнеше ғылыми мақаланың, 5 монография, 7 оқу құралы, 4 оқулық, оның ішінде мемлекет және құқық теориясы пәнінен студенттерге арналған мемлекеттік тілдегі оқулық жазған алғашқы авторлардың бірі.Төкіжан Ағдарбеков қасиетті Түркістан топырағында білікті шәкірт тәрбиелеу ісіне қомақты үлес қосты. Бүгінде ол кісінің шәкірттерінің көпшілігі түрлі салада абыройлы қызмет атқарып жүр. 30-дан астам шәкірті кандидаттық диссертациясын қорғап, оның 7-уі осы оқу орнында ұстаз жолын жалғастыруда. Төкіжан Ағдарбеков құқық ғылымында ұлттық мемлекеттің қалыптасуы мен мемлекеттіліктің пайда болу негіздерін, оның ішінде қазақ мемлекетінің қалыптасуы тұрғысындағы құнды пікірлер мен тұжырымдар жасаған ғалым. Академик, заң ғылымдарының докторы, профессор С. Зиманов, заң ғылымының докторы, профессор С. Сартаевтай ғалымдардың назары түсіп, үміт күткен шәкірті болған Төкіжан Ағдарбеков осы үлкен міндет-мұраттарға жеткен ғалым, ұстаз, тұлға.*

*Үлкен еңбекқорлықпен қатар профессор Т. Ағдарбековке тән қасиеттер – кішіпейілдік, адалдық, патриотизм. Жеткен жетістіктеріне мақтанбайды, заңғар заңгер Салық Зимановтың, академик Сұлтан Сартаевтың оқушысы, сол кісілердің жолын қууы екеніне мақтан тұтады. «Шәкірттерім құқықтық мемлекет құру жолында өнімді қызмет етіп жүр» деп өзін емес, шәкірттерін сыртынан мақтау ғалымның қашанғы әдеті. Қызғаныш білдіріп, шенге таласу деген біздің ұстазға жат нәрсе.*

*Үлкен адамгершілік, сыпайы мінез, білімге деген құштарлық ағаның бойына ана сүтімен, әке күшімен, Әлімхан Ермеков сияқты ғалым нағашысынан дарыған мұра болса керек.*

*Отбасының, жұбайының, балалары мен немерелерінің, қызметте шәкірттері мен әріптестерінің сүйіспеншілігіне бөленген аса құрметті ағамыз Төкіжан Ағдарбекұлының жалынды, белсенді де қайратты бейнесі қашанда жадымызда. Тәуелсіз еліміздің тұғырын берік, мәртебесін биік ұстайтын мамандар дайындаудағы талмай еткен еңбегін біздер мақтан тұта отырып, білім мен ізгілік нәрін сыйлаған ұлағатты ұстазымызға тағзым етеміз.*

***Н.БАТЫРБАЕВ,***
***доцент, ХҚТУ профессоры,***
***М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы –ректор кеңесшісі.***

## Хабарландыру

"Алайғыр" БК " ЖШС Қарағанды облысындағы Беркара кен орнының полиметалл кендеріне бағалау жұмыстарын жүргізу кезіндегі ықтимал әсерлер туралы есеп үшін ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Әсер ететін аумақ: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 48° 46' 00"С, 75° 02' 00"В.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 12 тамызда сағат 11:00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы мекенжайы бойынша өтеді., Қараменде би ауылдық округі, Ақтас ауылы, Еңбек көшесі -7 (Мәдениет үйі).

Zoom платформасында тыңдауға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1

Конференция идентификаторы: 234 938 7375. Кіру коды: 1ed70s.

Тапсырыс берушінің деректемелері: Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Әлиханов к-сі, 14 б ғимарат, 3 қабат, №30 кеңсе. БСН: 111040013165. Бас директор: Ордабаев К. А., телефон: 8702 999 1205, E-mail: tatyana.shvetsova@alaigyr-tks

Әзірлеушінің деректемелері: "Eco-Logic" ЖК, Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды қ., Жамбыл к-сі, 1, 21. Байланыс: тел: 8(701)244931

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады https://hearings.ndbecology.gov.kz, сондай-ақ ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/1?lang=ru.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты +7 701 2449310, e-mail: dr.hadron@mail.ru

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ ЖАО мекенжайы бойынша қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru, телефоны: 87212568166.

## Объявление

ТОО «СП «Алайгыр» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для Отчет о возможных воздействиях при проведении оценочных работ на полиметаллические руды месторождения Беркара в Карагандинской области.

Территория, на которую оказывается воздействие: Карагандинская область, Актогайский район.

Географические координаты территории воздействия: 48° 46' 00»С, 75° 02' 00»В.

Общественные слушания состоятся: 12 августа 2026 года в 11:00, по адресу: Карагандинская область, Актогайский район., сельский округ Караменде би, с. Актас, ул. Труда -7 (дом культуры).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom:

https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1

Идентификатор конференции: 234 938 7375. Код доступа: 1ed70s. Реквизиты заказчика: г. Караганда, район имени Казыбек би, ул.Алиханова, строение 14 Б, 3 этаж, офис №30. БИН: 111040013165. Генеральный директор: Ордабаев К.А., телефон: 8702 999 1205, E-mail: tatyana.shvetsova@alaigyr-tks.kz.

Реквизиты разработчика: ИП «Eco-Logic», Республика Казахстан, 100008, г. Караганда, ул.Жамбыла 1, 21. Контакты: тел: 8(701)2449310.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте https://hearings.ndbecology.gov.kz, а также на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/1?lang=ru.

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. +7 701 2449310, e-mail: dr.hadron@mail.ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на НБД СОС и ПР, а также по адресу МИО: expertiza.upr_krg@mail.ru, телефон: 87212568166.

## Хабарландыру

12.08.2026 ж. Қарағанды, Ақтоғай ауданы, Сары-Шаған а., Сары-Шаған ауылдық округі әкімдігінің ғимараты, Абай көш., 18, сағат 11:00 – де «Ұсынылған қызметтің қоршаған ортаға ықтимал әсері туралы есеп «Алтын өндіру зауытының құрылысы» егжей-тегжейлі жобасы үшін өткізіледі.

Және бұл қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өтіңіз

https://us05web.zoom.us/j/87578143574?pwd=rxWLHWBx6DcxKSZczg0rU63dBCbARd.1 Конференция идентификаторы: 875 7814 3574

Кіру коды: tpHt1v

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 8 (701) 214-00-29 телефонына хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші- «Астана-Тайм» ЖШС БСН 110140013265, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25 үй, 218 офис

Өкілі: Табенов Б. Байланыс: тел+7 (701)-214-00-29; alemgold2030@mail.ru

Жобаны әзірлеуші – «Ибраева А. Ж» ЖК, Алматы қ.,

«Энергетик-2» бағбандық қоғамы, Новая к-сі, 58

Өкілі: Ибраева А. Ж. Байланыс: тел. 87026203505; ibrayeva71@mail.ru.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы:

Жергілікті атқарушы орган – «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: 100008, Қарағанды қаласы, Лобода к., 20, электрондық мекенжайы: expertiza.upr_krg@mail.ru, тел: +7 (7212) 56-41-27

Жоба бойынша құжаттама сайтында орналастырылған https://ndbecology.gov.kz/ және ttps://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/ «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі.

Ескертулер мен ұсыныстар бойынша қабылданады https://ndbecology.gov.kz/ және ttps://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/.

## Объявление

12.08.2026 г. по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, п.Сарышаган, здание акимата п.Сарышаган, ул.Абая, зд.18, время – 11:00 ч. проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях намечаемой деятельности на окружающую среду к рабочему проекту «Строительство золотоизвлекательной фабрики».

Также данные общественные слушания будут проводиться в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM.

Для участия на слушаниях пройти по ссылке

https://us05web.zoom.us/j/87578143574?pwd=rxWLHWBx6DcxKSZczg0rU63dBCbARd.1 Идентификатор конференции: 875 7814 3574 Код доступа: tpHt1v

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 8 (701) 214-00-29.

Заказчик – ТОО «Астана-Тайм»

БИН 110140013265, г.Астана, ул.Бейбітшілік, д.25, офис 218 Представитель: Табенов Б. Контакты: тел. +7 (701)-214-00-29; alemgold2030@mail.ru

Разработчик проекта – ИП «Ибраева А.Ж», г. Алматы,

Садоводческое общество «Энергетик-2», ул. Новая, 58

Представитель: Ибраева А.Ж. Контакты: тел. 87026203505; ibrayeva71@mail.ru.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа:

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Карагандинской области», почтовый адрес: 100008, город Караганда, ул.Лобода, 20, электронный адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru, тел: +7 (7212) 56-41-27.

Документация по проекту размещена на сайте: https://ndbecology.gov.kz/, на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/ в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются https://ndbecology.gov.kz/и ttps://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/.

## Еске алу



11 шілде – аяулы азамат, ардақты досымыз **Бегімбетов Мұратхан Төлеутайұлының** өмірден өткеніне бір жыл толады.

Бір жыл зулап өте шықты… «Уақыт – жүйрік» деген осы шығар. Бірақ уақыт алға жылжығанымен, өзіңе деген сағыныш жүректен бір сәтке де алыстаған жоқ. Жарқын жүзің, аққөңіл мінезің, адамгершілігің мен елге жасаған жақсылықтарың мәңгі жадымызда.

Мұратхан Төлеутайұлы – аққөңіл, кең пейілді, еңбекқор, жомарт жүректі азамат еді. Айналасына әрдайым қамқорлық танытып, ел-жұртына, туған жеріне қолдау көрсетіп жүретін. Осындай асыл қасиеттерің үшін сені таныған әр адамның жүрегінде жарқын бейнең мәңгі сақталады.

Алла Тағала жатқан жеріңді жайлы, топырағыңды торқа етсін. Жаның жәннатта, иманың саламат болғай.

Артыңда қалған жарың Зәмзагүлге, перзенттеріңе, туған-туыстарыңа Алла ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, сабыр мен амандық нәсіп етсін. Ұрпағың аман болып, әкеңнің абыройлы есімі мен өнегелі жолын жалғастыра берсін.

Өзіңді сағынып, әрдайым жүрегімізде сақтаймыз. Жаның жәннатта болсын!

**Еске алушылар: М. Горький атындағы 10 «В» сыныбының сыныптастары мен күйеу балалары.**

## Еске алу



Бүгінде жиеніміз **Қанатұлы Ердосты** сағынышпен еске аламыз.

Сенің бұл жалған дүниеден бақилық болғаныңа да бес жыл толыпты. Уақыт зымырап өткенімен, жүректегі сағыныштың орны ешқашан толған емес. Сыртылдаған сағаттар, алмасқан күндер мен жылдар ғана өтті. Ал біз әлі күнге дейін есіктен күлімдеп кіріп келіп, «Әже!» деп еркелеген үніңді еститіндей болып елеңдейміз.

Жас өрімдей шағында аққан жұлдыздай жарқ етіп, мәңгілік сапарға аттанып кете бардың. Артыңда аңыраған асыл жандар мен өшпес сағыныш қалды. Сенің ақжарқын мінезіңді, мейірімге толы жүзіңді, айналаңа сыйлаған жылуыңды сағынбай өтетін күніміз жоқ.

«Айналайын, ботам, құлыным…» деп құшағына басатын нағашы әжең барлық бауырларыңның жүрегінде сенің жарқын бейнең мәңгі сақталады. Саған деген сағыныш ешқашан азаймайды. Әр дұғамызда есімің аталып, әр Құран бағышталған сайын рухыңды еске аламыз. Алла Тағала жатқан жеріңді жайлы, топырағыңды торқа етсін. Қабірің нұрға толып, жаның жәннаттың төрінен орын алсын. Раббым иман байлығын беріп, пайғамбарымыздың шапағатына бөлесін.

**Еске алушылар: нағашы – әжең Орын, Ғалия және бауырлары.**

После смерти ТЛЕУБЕРГЕНОВОЙ МАКБАЛ ЗЕКЕНОВНЫ, умершей 13 января 2026 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Калымбергенову А.А. по адресу: ул. Абай, 37. Тел. 87022501009

13 ақпан 2025 жылғы қайтыс болған Адилов Кизатолла Советулының атына мұрагерлік іс ашылды. Осы мұрагерлік іске қатысы бар барлық мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласулары қажет.Мекенжайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Аксу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17-үй. Байланыс телефоны: 8 (701) 751-16-86.

# Күй күмбірі – ұлт рухының үні




Қос ішектен төгілген күй – қазақтың ғасырлар бойғы тарихы мен тағдырының, қуанышы мен мұңының үнсіз шежіресі. Домбыраның қоңыр үні ұлттың рухын асқақтатып, өткен мен бүгінді жалғап келеді. Осы асыл мұраны ұлықтаған Ұлттық домбыра күні Ақтоғай ауданында ерекше салтанатпен аталып өтті.

Домбыра монументі алдында ұйымдастырылған мерекелік шараға аудан тұрғындары, өнер ардагерлері, жастар мен күй өнерінің жанашырлары жиналды. Күй анасы атанған қасиетті домбыраның мерекесі Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйімен ашылып, ұлттық өнердің құдіретін сезіндірді.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Базылұлы ұлттық домбыраның халқымыздың рухани өміріндегі орнына ерекше тоқталды.

– Домбыра – халқымыздың ұлттық коды, рухани болмысы мен ғасырлар бойы жалғасқан мәдениетінің алтын арқауы. Қазақтың қуанышы да, қайғысы да, ерлігі мен өрлігі де күй арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетті. Мемлекет басшысы ұлттық құндылықтарды сақтау мен дәріптеуді әрдайым басты міндеттердің бірі ретінде атап келеді. Бүгінгі Ұлттық домбыра күні – өткенге тағзым жасап, келер ұрпаққа аманат болатын асыл мұрамызды ұлықтайтын ерекше мереке. Сондықтан ұлттық өнерімізді көздің қарашығындай сақтап, кейінгі буынның бойына сіңіру – бәрімізге ортақ парыз. Баршаңызды Ұлттық домбыра күнімен құттықтаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, күйіміз мәңгі күмбірлей берсін! – деді аудан әкімі.

Мерекелік концерт барысында аудан өнерпаздары қазақтың дәстүрлі күй өнерінен шашу шашып, Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындады. Күйдің қуатты ырғағы мен асқақ әуені көрерменнің ерекше ықыласына бөленіп, ұлттық өнердің мәңгілік өміршеңдігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Домбыра – жай ғана музыкалық аспап емес. Ол – ұлттың жадын сақтаған қасиетті мұра, елдіктің белгісі, бабалардан қалған баға жетпес аманат. Сондықтан Ұлттық домбыра күні – барша қазақтың рухани мерекесі. Күй күмбірі ешқашан үзілмесін, қасиетті қара домбыраның қоңыр үні әр қазақтың шаңырағында қалықтай берсін. Ұлттық өнеріміздің мерейі үстем болып, рухани құндылықтарымыздың ғұмыры мәңгі жасай берсін.

**Құлмұхаммет Серікғалиұлы.**

# Ардақты ағамыздың абырой биігі



*Асқар тау әкеміздің артынан ерген ардақты бауыры* ***Қанат Мұсаханұлы,*** *қадірлі ағамыздың зейнет жасына толуы – үлкен бір әулеттің қуанышты мерекесі деуге болады. Себебі, адам өмірінің шынайы бағасы – оның артында қалған ізімен, елге сіңірген еңбегімен, халықтың жүрегінде сақталған қадір-қасиетімен өлшенеді.*

*Ал біздің ағамыздың ғұмыры – өнегеге, еңбегі – құрметке, жүріп өткен жолы – кейінгі ұрпаққа үлгі болар-лық тағылымға толы ғұмыр. Бала күннен білім мен тәрбиенің қадірін түсініп өскен ағамыз бүкіл саналы өмірін қасиетті білім беру саласына арнады. Ұстаздық жол – екінің бірі көтере бермейтін, үлкен жүрек пен зор жауапкершілікті талап ететін киелі жол. Себебі ұстаз – тек сабақ үйретуші ғана емес, ол адам тәрбиелейтін, елдің ертеңін қалыптастыратын тұлға. Осы жолда ағамыз жылдар бойы талмай еңбек етіп, мыңдаған шәкірттің жүрегіне білімнің шырағын жақты. Оның алдынан білім алған талай шәкірт бүгінде әр салада елге қызмет етіп жүрген азаматтарға айналды. Бұл – ұстаз еңбегінің жемісі, ғұмырлық жеңісі. Ағамыз қай қызметте жүрсе де қарапайымдылық пен парасаттылықты серік етті. Ұжым арасында сыйлы болып, ел ішінде беделге ие болуы – оның адамгершілік болмысының биіктігінен. Мектеп директоры қызметін атқарған жылдары білім ордасының дамуына үлкен үлес қосып, талай жас маманның қанаттануына, ұжымның бірлігінің нығаюына себепкер болды. Басшылық ету – тек бұйрық беру емес, әр адамның жанын түсіну, қиын сәтте сүйеу болу, ұжымға бағыт-бағдар бере білу.Осындай қасиеттердің барлығы ағамыздың бойынан табылып, ол кісі басқарған ұжым әрдайым ұйымшылдығымен, нәтижелі еңбегімен ерекшеленді. Ең үлкен мәртебе – халықтың сенімі. Ағамыз сол сенім үдесінен шыға білді. Аудандық мәслихат депутаттығына екі мәрте сайланып, екі шақырылым бойы ел аманатын арқалау – үлкен жауапкершілік пен зор құрметтің белгісі.*

*Халықтың мұңын тыңдап, елдің мәселесін көтеріп, ауданның әлеуметтік жағдайының жақсаруына өзіндік үлесін қосты. Қай кезде де ел мүддесін бірінші орынға қойып, қарапайым халықпен бірге болды. Сондықтан да жұртшылық арасында ағамыздың аты әрдайым құрметпен аталады. Бүгінде ағамыз ауданымыздың беделді, абыройлы азаматтарының біріне айналды. Бұл биікке ол атақпен де, мансаппен де емес, адал еңбекпен, таза ниетпен, адамдық қасиетімен жетті. Өмір жолына қарасақ, қай салада болмасын өз ісінің нағыз маманы екенін дәлелдей білді. Ұстаздықта – білікті педагог, басшылықта – әділ жетекші, қоғамдық істе – ел қамын ойлаған азамат, отбасында – асқар тау, ағайынға – тірек бола білді. Әсіресе, әкеміздің соңынан ерген бауыр ретінде ағамыздың орны біз үшін ерекше. Әулеттің бірлігіне ұйытқы болып, ағайынның татулығын сақтап, іні-қарындасқа қамқорлық танытып келе жатқан азамат. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете отырып, бар өмірімен кейінгі буынға өнеге қалдырды. Осындай азаматтың тәлімін көріп өскен ұрпақтың болашағы да жарқын болары сөзсіз. Зейнет жасына жету – бұл тоқтау емес, бұл бір белестің абыроймен аяқталып, жаңа өмір кезеңінің басталуы. Бұл – артқа қарап, жүріп өткен жолыңның бос өтпегеніне шүкіршілік ететін, ел алғысын арқалап, еңбегіңнің жемісін көретін кезең. Ағамыз дәл осындай құрметке әбден лайық жан.*

***Қадірлі аға!***

*Сізді мерейлі зейнет жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Саналы ғұмырыңызды елге, ұрпақ тәрбиесіне, туған жердің дамуына арнап, артта өшпес із қалдырдыңыз. Сіздей азаматтың өмір жолы – біз үшін мақтаныш, кейінгі ұрпақ үшін өнеге. Алла сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға бақ-береке нәсіп етсін! Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын көріп, ағайын-туыстың ортасында абыройыңыз асқақтай берсін. Ел ішіндегі сый-құрметіңіз артып, әрдайым халқыңыздың ықыласына бөлене беріңіз! Еңбегіңіздің зейнетін көріп, бейнетсіз бақытты ғұмыр кешіңіз!*

***Ізгі тілекпен: жеңгесі – Бағдат.***

***Перзенттік алғыс пен шынайы құрмет білдіруші бауырларыңыз – Қанат-Дидар, Жанеділ-Сәния, Сұлтан-Жанар, Елнұр-Мөлдір.***

# Құттықтаймыз!



*Құрметті* ***Қанат Мұсаханұлы!***

*Сізді мерейлі зейнеткерлік жасқа толуыңызбен колледж ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз!*

*Сіздің ұзақ жылдар бойғы қажырлы еңбегіңіз, парасатты басшылығыңыз, білім мен тәрбие саласына қосқан өлшеусіз үлесіңіз әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіздің жүрегінде мәңгі сақталады. Сіз басшылық еткен жылдары колледжіміз талай биіктерді бағындырып, ұжымның бірлігі мен берекесінің нығаюына зор үлес қосып, әріптестеріңізге көрсеткен қолдауыңыз, әділдігіңіз бен адамгершілігіңіз әр дайым зор құрметке лайық.*

*Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, бақ-береке және баянды бақыт тілейміз. Зейнеткерлік кезеңіңіз тек қуанышқа, немере-шөберелеріңіздің қызығына, жақындарыңыздың құрметі мен ықыласына толы болсын!*

*Еңбегіңіздің жемісін көріп, әр күніңіз шаттық пен шат-шадыман сәттерге толы болсын! Осынау қуанышты сәтте мықты денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй, мол ырыс пен құт-береке тілейміз!*

*Зейнет жасқа жеттіңіз, құтты болсын,*
*Өмір жолыңыз әрдайым нұрлы болсын.*
*Еңбегіңіздің жемісін қызық көріп,*
*Қуаныш пен шаттыққа көңіл толсын.*
*Денсаулық пен ұзақ ғұмыр серік болып,*
*Әрбір күніңіз бақытпен арайлансын.*

***Ізгі тілекпен, Ақтоғай аграрлық-техникалық колледж ұжымы.***

# Құттықтаймыз!



*Аяулы жар, немерелерінің сүйікті әжесі* ***Айгүл Шайхыстанқызы!***

*Мерейлі 60 жасқа толған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Айналаңыз қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен берекеге, мейірім мен қамқорлыққа толсын. Арамызда аман-есен, шат-шадыман болып жүре беріңіз. Әрдайым мерейіңіз үстем, абыройыңыз биік болсын. Еңбегіңіздің жемісін көріп, сый-құрметке бөлене беріңіз.*

*Алпыс жас – өміріңнің алтын шағы,*
*Жарқырай бер бақытыңның шамшырағы.*
*Ұрпағыңның ортасында күліп жүріп,*
*Ұзақ болсын өміріңнің әрбір таңы!*

***Ізгі тілекпен: жолдасы – Санабек, балалары, немерелері.***

## Жарамсыз деп танылсын

Ақтоғай ажары газетінің 22.05.2026 жылғы № 21 (8050) санды газетіне шыққан Ақтоғай ауданында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша жарияланған конкурстағы №7 лот (Жидебай ауылдық округінде орналасқан жалпы көлемі 212,2645 жер учаскесі) ұйымдастырушы тарапынан қателік кетуіне байланысты алынып тасталсын. Жарамсыз деп танылсын.


**Құрылтайшысы:** *«Aqtogai ajary» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.*
**Редактор:** **Нұрдәулет Ақторғай.**

**Меншік иесі:** ***«Aqtogai ajary» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС. (куәліктегі ресми атауымен келісілген)***

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде 2020 жылдың 10 қаңтарында қайта тіркелді.

**Тіркеу куәлігі:**
***KZ94VPY00019192***
Алғашқы тіркеу күні мен нөмірі: 1999 жылғы 09 шілде, №578-Г

Газет апта сайын 1 рет шығады

Таралымы 1030 дана

Газет редакцияның компьютер орталығында катталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

**Мекен-жайымыз:** 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.
**Телефондар:** **редактор: 2-18-81, 87085474303**
**Электрондық пошта: aktogai_red @mail.ru**

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

## Хабарландыру

"Алайғыр" БК " ЖШС Қарағанды облысындағы Беркара кен орнының полиметалл кендеріне бағалау жұмыстарын жүргізу кезіндегі ықтимал әсерлер туралы есеп үшін ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Әсер ететін аумақ: Қарағанды облысы, Актоғай ауданы.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 48° 46' 00"С, 75° 02' 00"В.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 12 тамызда сағат 11:00-де, Қарағанды облысы, Актоғай ауданы мекенжайы бойынша өтеді., Қараменде би ауылдық округі, Ақтас ауылы, Еңбек көшесі -7 (Мәдениет үйі).

Zoom платформасында тыңдауға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1

Конференция идентификаторы: 234 938 7375. Кіру коды: 1ed70s.

Тапсырыс берушінің деректемелері: Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Әлиханов к-сі, 14 б ғимарат, 3 қабат, №30 кеңсе. БСН: 111040013165. Бас директор: Ордабаев К. А., телефон: 8702 999 1205, E-mail: tatyana.shvetsova@alaigyr-tks

Әзірлеушінің деректемелері: "Eco-Logic" ЖК, Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды қ., Жамбыл к-сі, 1, 21. Байланыс: тел: 8(701)244931

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады https://hearings.ndbecology.gov.kz, сондай-ақ ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/1?lang=ru.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпараты +7 701 2449310, e-mail: dr.hadron@mail.ru

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ ЖАО мекенжайы бойынша қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru, телефоны: 87212568166.

## Объявление

ТОО «СП «Алайгыр» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для Отчет о возможных воздействиях при проведении оценочных работ на полиметаллические руды месторождения Беркара в Карагандинской области.

Территория, на которую оказывается воздействие: Карагандинская область, Актогайский район.

Географические координаты территории воздействия: 48° 46' 00»С, 75° 02' 00»В.

Общественные слушания состоятся: 12 августа 2026 года в 11:00, по адресу: Карагандинская область, Актогайский район., сельский округ Караменде би, с. Актас, ул. Труда -7 (дом культуры).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1

Идентификатор конференции: 234 938 7375. Код доступа: 1ed70s. Реквизиты заказчика: г. Караганда, район имени Казыбек би, ул.Алиханова, строение 14 Б, 3 этаж, офис №30. БИН: 111040013165. Генеральный директор: Ордабаев К.А., телефон: 8702 999 1205, E-mail: tatyana.shvetsova@alaigyr-tks.kz.

Реквизиты разработчика: ИП «Eco-Logic», Республика Казахстан, 100008, г. Караганда, ул.Жамбыла 1, 21. Контакты: тел: 8(701)2449310.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте https://hearings.ndbecology.gov.kz, а также на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/1?lang=ru.

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. +7 701 2449310, e-mail: dr.hadron@mail.ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на НБД СОС и ПР, а также по адресу МИО: expertiza.upr_krg@mail.ru, телефон: 87212566166.

## Хабарландыру

12.08.2026 ж. Қарағанды, Ақтоғай ауданы, Сары-Шаған а., Сары-Шаған ауылдық округі әкімдігінің ғимараты, Абай көш., 18, сағат 11:00 – де «Ұсынылған қызметтің қоршаған ортаға ықтимал әсері туралы есеп «Алтын өндіру зауытының құрылысы» егжей-тегжейлі жобасы үшін өткізіледі.

Және бұл қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өтіңіз https://us05web.zoom.us/j/87578143574?pwd=rxWLHWBx6DcxKSZczg0rU63dBCbARd.1 Конференция идентификаторы: 875 7814 3574

Кіру коды: tpHt1v

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 8 (701) 214-00-29 телефонына хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші- «Астана-Тайм» ЖШС БСН 110140013265, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25 үй, 218 офис

Өкілі: Табенов Б. Байланыс: тел+7 (701)-214-00-29; alemgold2030@mail.ru

Жобаны әзірлеуші – «Ибраева А. Ж» ЖК, Алматы қ.,

«Энергетик-2» бағбандық қоғамы, Новая к-сі, 58

Өкілі: Ибраева А. Ж. Байланыс: тел. 87026203505; ibrayeva71@mail.ru.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және поштаылық мекенжайы:

Жергілікті атқарушы орган – «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: 100008, Қарағанды қаласы, Лобода к., 20, электрондық мекенжайы: expertiza.upr_krg@mail.ru, тел: +7 (7212) 56-41-27

Жоба бойынша құжаттама сайтында орналастырылған https://ndbecology.gov.kz/ және ttps://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/ «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі.

Ескертулер мен ұсыныстар бойынша қабылданады https://ndbecology.gov.kz/ және ttps://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/.

## Объявление

12.08.2026 г. по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, п.Сарышаган, здание акимата п.Сарышаган, ул.Абая, зд.18, время – 11:00 ч. проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях намечаемой деятельности на окружающую среду к рабочему проекту «Строительство золотоизвлекательной фабрики».

Также данные общественные слушания будут проводиться в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM.

Для участия на слушаниях пройти по ссылке https://us05web.zoom.us/j/87578143574?pwd=rxWLHWBx6DcxKSZczg0rU63dBCbARd.1 Идентификатор конференции: 875 7814 3574 Код доступа: tpHt1v

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 8 (701) 214-00-29.

Заказчик – ТОО «Астана-Тайм»

БИН 110140013265, г.Астана, ул.Бейбітшілік, д.25, офис 218 Представитель: Табенов Б. Контакты: тел. +7 (701)-214-00-29; alemgold2030@mail.ru

Разработчик проекта – ИП «Ибраева А.Ж», г. Алматы,

Садоводческое общество «Энергетик-2», ул. Новая, 58

Представитель: Ибраева А.Ж. Контакты: тел. 87026203505; ibrayeva71@mail.ru.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа:

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Карагандинской области», почтовый адрес: 100008, город Караганда, ул.Лобода, 20, электронный адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru, тел: +7 (7212) 56-41-27.

Документация по проекту размещена на сайте: https://ndbecology.gov.kz/, на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/ в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются https://ndbecology.gov.kz/и ttps://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/.

## Еске алу



11 шілде – аяулы азамат, ардақты досымыз **Бегімбетов Мұратхан Төлеутайұлының** өмірден өткеніне бір жыл толады.

Бір жыл зулап өте шықты… «Уақыт – жүйрік» деген осы шығар. Бірақ уақыт алға жылжығанымен, өзіңе деген сағыныш жүректен бір сәтке де алыстаған жоқ. Жарқын жүзің, ақкөңіл мінезің, адамгершілігің мен елге жасаған жақсылықтарың мәңгі жадымызда.

Мұратхан Төлеутайұлы – ақкөңіл, кең пейілді, еңбекқор, жомарт жүректі азамат еді. Айналасына әрдайым қамқорлық танытып, ел-жұртына, туған жеріне қолдау көрсетіп жүретін. Осындай асыл қасиеттерің үшін сені танитын әр адамның жүрегінде жарқын бейнең мәңгі сақталады.

Алла Тағала жатқан жеріңді жайлы, топырағыңды торқа етсін. Жаның жәннатта, иманың саламат болғай.

Артыңда қалған жарың Зәмзагүлге, перзенттеріңе, туған-туыстарыңа Алла ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, сабыр мен амандық нәсіп етсін. Ұрпағың аман болып, әкеңнің абыройлы есімі мен өнегелі жолын жалғастыра берсін.

Өзіңді сағынып, әрдайым жүрегімізде сақтаймыз. Жаның жәннатта болсын!

**Еске алушылар: М. Горький атындағы 10 «В» сыныбының сыныптастары мен күйеу балалары.**

## Еске алу



Бүгінде жиеніміз **Қанатұлы Ердосты** сағынышпен еске аламыз.

Сенің бұл жалған дүниеден бақилық болғаныңа да бес жыл толыпты. Уақыт зымырап өткенімен, жүректегі сағыныштың орны ешқашан толған емес. Сыртылдаған сағаттар, алмасқан күндер мен жылдар ғана өтті. Ал біз әлі күнге дейін есіктен күлімдеп кіріп келіп, «Әже!» деп еркелеген үніңді еститіндей болып елеңдейміз.

Жас өрімдей шағыңда аққан жұлдыздай жарқ етіп, мәңгілік сапарға аттанып кете бардың. Артыңда аңыраған асыл жандар мен өшпес сағыныш қалды. Сенің ақжарқын мінезіңді, мейірімге толы жүзіңді, айналаңа сыйлаған жылуыңды сағынбай өтетін күніміз жоқ.

«Айналайын, ботам, құлыным…» деп құшағына басатын нағашы әжең барлық бауырларыңның жүрегінде сенің жарқын бейнең мәңгі сақталады. Саған деген сағыныш ешқашан азаймайды. Әр дұғамызда есімің аталып, әр Құран бағышталған сайын рухыңды еске аламыз. Алла Тағала жатқан жеріңді жайлы, топырағыңды торқа етсін. Қабірің нұрға толып, жаның жәннаттың төрінен орын алсын. Раббым иман байлығын беріп, пайғамбарымыздың шапағатына бөлесін.

**Еске алушылар: нағашы – әжең Орын, Ғалия және бауырлары.**

После смерти ТЛЕУБЕРГЕНОВОЙ МАКБАЛ ЗЕКЕНОВНЫ, умершей 13 января 2026 года, открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Калымбергенову А.А. по адресу: ул. Абай, 37. Тел. 87022501009

13 ақпан 2025 жылы қайтыс болған Адилов Кизатолла Советулының атына мұрагерлік іс ашылды. Осы мұрагерлік іске қатысы бар барлық мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласулары қажет.Мекенжайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Кулейменов көшесі, 17-үй. Байланыс телефоны: 8 (701) 751-16-86.